

Сманова Алса Арыстановнаның 6D010300– Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дамуы (Германия және Қазақстан тәжірибесі)» атты диссертациялық зерттеуіне рецензенттің

ПКІРІ

1. Зерттеу жұмысының көкейкестілігі мен оның жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламаларымен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

Қазақстанның төртінші өнеркәсіптік революцияға қадам басу дәуірінде мемлекеттің дүние жүзіндегі озық отыз елдің қатарына ену стратегиясындағы басты міндеттердің бірі бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру екендігі мәлім. Мәселен, Қазақстан Республикасында 12 жылдық орта білім беру тұжырымдамасында «Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру әлеуметтік және экономикалық жағдайдың өзгеруіне ғана емес, бар қолданыстағы шындыққа белсенді ықпал етіп, оны жақсартуға дайын болатын ұрпақ тәрбиелеу» екендігі айтылған. Ал, бұл өз кезегінде жоғары педагогикалық білім беру үйимдарындағы болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудағы бірқатар мәселелерді зерттеуді қажет етеді. Соның бірі – болашақ мұғалімдердің практикалық-бағдарланған даярлығын жетілдіру.

Осыған байланысты болашақ маманның теориялық және практикалық даярлығын қосарлы оқу-өндірістік ортада жүзеге асыруды қамтитын дуальді оқыту өзекті болып табылады. Осы тұрғыдан Германияның бастауыш кәсіби білім беру жүйесінде тұракты қалыптасқан дуальді жүйені зерделеудің қажеттігі туындейды. Оған қоса республикада 2014 жылдан бастап ҚР Үкіметінің Қаулысымен бекітілген Жол картасы негізінде орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіби білім беру үйимдарына дуальді оқыту элементтерінің ендірілу тәжірибесін де жоққа шығаруға болмайды.

Осыған орай болашақ мұғалімдердің практикалық даярлығын жетілдіруде Германия мен Қазақстанның дуальді оқыту мәселесіне қатысты тәжірибесін салыстырмалы зерттеп, оның озық ұлгілерін пайдаланудың тиімділігі басым. Ал бұл болса, тұжырымдамалық тұрғыдан, салыстырмалы педагогиканың ықпалын іске асырудан отандық және шет елдік кәсіптік мектептердің негізіндегі теориялық зерттеулердің, олардағы тарихи және болжамды шарттарын дамыта отырып қарастырудың қажеттігінен туындейды.

Олай болса, Сманова Алса Арыстановнаныңқорғауға ұсынып отырган диссертациялық еңбегінің «Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дамуы (Германия және Қазақстан тәжірибесі)» тақырыбында жазылуды жәнезерттеу нәтижесінде дуальді оқыту элементтерін жоғары педагогикалық оқу орындарында болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау үдерісіне ендіруге арналған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды өзірлеуі оның өзекті мәселені зерттеп отыргандығын дәлелдейді.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларын негізделу және шынайылық дәрежесі

Диссиденттің зерттеу проблемасын шешу мақсатында алдына 5 зерттеу міндеттін қойған және зерттеу барысында 5 міндеттің де шешімін тапқан, 5 ғылыми нәтижеге қол жеткізген:

1) Германия мен Қазақстанның кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқыту дамуының тарихи-экономикалық, әлеуметтік-педагогикалық алғышарттарын айқындаған;

2) халықтың қолөнер кәсіпшілігіне үйрету жүйесін дуальді оқытуудың бастау көздері тұрғысынан негізденген;

3) кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытуудың мәні мен ерекшеліктерін анықтаған;

4) Германия мен Қазақстанның кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытуудың дидактикалық негіздерін айқындаған;

5) Германияның болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау жүйесіндегі дуальді оқыту элементтерін анықтаған және оларды Қазақстанда жоғары педагогикалық білім беруде пайдалануға арналған ғылыми-әдістемелік ұсыныстар әзірлеген.

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігімен шынайылығы автордың Германия мен Қазақстанда дуальді оқытуудың тарихы мен дамуына қатысты шетелдік, отандық еңбектерді талдауымен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, диссиденттің ғылыми әдебиеттерді тарихи-салыстырмалық, ретроспективті әдіс негізінде талдап қана қоймай, ондағы ойларды өз пікірімен нақтылай түсіү мен түйінді тұжырымдарға өзінің ойын білдіруі, дуальді оқытуудың дамуын тарихи кезеңдерге бөліп топтастырып негіздеуі алынған бірінші нәтиженің негізділігін дәлелдейді.

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы ізденушінің халықтың қолөнер кәсіпшілігіне үйретудің тарих, этнография, қолөнер, саласындағы еңбектер мен халық қолөнерінде шәкірт тәрбиелеу жүйесі (дәстүрі, әдістері, формалары, құралдары және т.б.) қарастырылған педагогикалық зерттеулерге жасаған талдауымен, тарихи-жүйелі әдісті қолдануымен қамтамасыздандырылады. Соның негізінде халықтың қолөнер кәсіпшілігіне үйрету жүйесін дуальді оқытуудың бастау көзі тұрғысынан негіздеуімен айқындалады.

Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы автордың «дуальділік», «дуальді жүйе», «дуальді оқыту» ұғымдары зерттелген отандық және шетелдік психологиялық-педагогикалық еңбектерге жасаған талдауымен феноменологиялық, логикалық әдістерді қолдануымен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ кәсіби білім берудегі дуальді оқытуудың тұжырымдамалық моделін, ерекшеліктерін анықтап, мәнін нақтылауымен дәлелденеді.

Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы диссиденттің Германияның және Қазақстанның заңнамалық-нормативтік құжаттамаларын (Кәсіптік білім беру туралы Зан, мемлекеттік стандарт, кәсіптік стандарт

және т.б.) салыстырмалы-салғастырмалы әдіс негізінде талдауымен, нәтижесінде кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытуудың дидактикалық негіздерін айқындауымен дәлелденеді.

Бесінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы Германия мен Қазақстанның білім беру жүйесіндегі болашақ мұғалімдерді кәсіби даярау үдерісінде салыстырмалы-салғастырмалы әдістерді қолдану негізінде аталған үдеріске ендірілген дуальді оқыту элементтерін анықтауымен, нәтижесінде қазіргі жоғары педагогикалық білім беруде дуальді оқыту элементтерін пайдалануға арналған ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды жасауымен негізделеді.

3.Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасты) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі

Бірінші алынған ғылыми нәтиженің жаңалығы Германия мен Қазақстанның кәсіби білім беру жүйесінде дуальділіктің қосарланған оқу-өндірістік ортада оқыту тұрғысынан пайда болуы мен дамуының тарихи-экономикалық және әлеуметтік педагогикалық алғы шарттарын айқындауымен дәлелденеді. Осы шарттарды ізденушінің өз көзқарасымен топтастырып, жинақтап көрсетуі және аталған дамуды тарихи бес кезеңге (1- ортағасырда пайда болуы; 2-XVII-XVIII ғғ. жексенблік мектептердегі кәсіби даярлық; 3-XIX ғ. мамандардың біліктілігін арттыру жүйесі; 4-XX ғасырда Кәсіптік білім беру Заңының (1969 ж.) бекуіне сәйкес (50%-теориялық, 50% практикалық оқыту) дамуы; 5-қазіргі кезең (20-30%-ы оқу орнында, 70-80% өндірісте оқыту) бөліп мазмұндауы оның жаңалығының құндылығына күмән туғызбайды (1-бөлім, §1.1).

Аталған дамуын елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, саясаты, демографиялық өзгерістерінің қалыптасып жаң-жақты талдауы ізденушінің өзінің зерттеу проблемасын жақсы менгергендігін көрсетеді.

Екінші алынған ғылыми нәтиженің жаңалығы -халықтың қолөнер кәсіпшілігіне үйрету жүйесінің дуальді оқытуудың бастау көзі болатындығының алғаш рет негізделуі табылады. Осы алған ғылыми нәтижесін негіздеуде докторант алдымен осы үйретуді оқыту жүйесі тұрғысынан қарастырған. Сол себепті қолөнерге үйрету түрлерін (отбасылық, жаппай, шәкірттікке тәрбиелеу), үйрету әдістерін (көрсет-қайтала-машықтан); үйрету құралдарын (материалдық жабдықтар, көрнекілік құралдар және т.б.) жан-жақты талдаған. Ең бастысы осы үйретудің өндірістік ортада (шеберхана, дүкен, ұстахана, отбасылық қоныс орындарында және т.б.) жүргізілетіндегін, үйретубарысысында шәкірттің кәсіби біліктіліктерін қалыптастыратынын, белгілі бір кәсіпке баулитынын (зергер, ағаш ұстасы, темір ұстасы, тоқымашы, тігінші және т.б.), кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытатынын (өнерге құрмет, кәсіпті сүю, еңбеккорлық және т.б.) дәлелді негізделген. Нәтижесінде аталған үйрету үдерісінде шәкірттің оқу-өндіріс ортасында кәсіби білім мен білікті қатар менгеруіне негізделе отырып, дуальді оқытуудың бастау көздері болатындығын дәлелдеген(1-бөлім, §1.2).

Бұл ізденушінің алған ғылыми нәтижесінің жаңа екендігіне шубә келтіртпейді.

Алуа Сманова мұнымен де тынбай Қазақстан жерінде осылайша кәсіпке баулуда ерте кезеңнен пайда болған дуальді оқыту элементтері XIX ғғ. ІІ.Алтынсарин ашқан қолөнер мектебінде, XX ғғ. көркемөнер саласындағы училищелерде, өнеркәсіп кәсіпорындарында жалғасын тапқанын негіздейді. Дуальді оқытудың арнағы орта техникалық және кәсіптік ұйымдарына (480 колледжге) нәтижелі ендірілу жағдайына терең талдау берген (1-бөлім, §1.3).

Үшінші алынған ғылыми нәтижесінің жаңалығы. Докторант кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың артықшылықтары мен кемшиліктерін оптастыру нәтижесінде оның ерекшеліктерін өзіндік тұжырымды ойлармен дәлелді көрсеткен (2-бөлім, §1). Кәсіби білім берудегі дуальді оқытуда басшылықта алатын әдіснамалық тұфырларды (жүйелі-кешендік, жүйелі-құрылымдық, жүйелі-iс-әрекеттік, жүйелі-біріктірілгенжәне жүйелі-тарихи) жан-талдау, сипаттаған(2-бөлім, §2).

Германияның бастауыш кәсіби білім берудегі дуальді оқыту жүйесінің құрылымдық, тұжырымдамалық, әдістемелік модельдерін зерттеген. Германияның кәсіби білім беру жүйесінде дуальді оқытудың тұжырымдамалық модель кәсіптік мектеп пен өндірістің өзараәрекеттестігін реттейтін, заңдастыратын өкілетті органдардың бірлестігінде болашақ маман даярлығының аксиологиялық, онтологиялық технологиялық компоненттерін қамтамасыз ететіндігін сипаттаған. Осы модельдердің болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауда негіз бола алатындығын дәлелдеген(2-бөлім, §3).

Нәтижесінде «кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқыту – аксиологиялық (білім мен практикалық құндылықтар мақсаттарының тенденция), онтологиялық (модульдік-құзыреттілік тәсіл), технологиялық (білім беру мен кәсіби iс-әрекетті ұйымдастыру) үш әдіснамалық бірлікте және «оқу орны-өндіріс-үйлестіруші ұйымдардың» өзара iс-әрекеттерінің кіріктірілуі негізінде мамандар даярлауды ұйымдастырудың инновациялық түрі» деп шартты түрде ұсынған өзінің анықтамасын қолдауға болады. Осы айтылғандардың барлығы үшінші алған нәтижесінің жаңалығының дәлелі.

Төртінші алынған ғылыми нәтижесінің жаңалығы. Ізденуші Германия және Қазақстандағы кәсіби білім берудегі заңнамалық құжаттарына, бақылау органдарының құқықтық міндеттеріне, оқытуды ұйымдастыру формаларына, оқыту мазмұнының көлеміне, практикалық даярлығына қатысты ерекшеліктерді негіздеуде салыстырмалы-салғастырмалы әдісті ұтымды пайдаланған. Нәтижесінде айырмашылықтары мен ұқсастықтарын көрсете отырып дуальді оқытудың дидактикалық негізdemесін Кәсіптік білім беру Заңы негізінде жасалған Кәсіптік стандарт, мемлекеттік білім беру стандарты, басқа да нормативтік оқу-әдістемелік құжаттар, өндірісте кәсіби білім беруді ұйымдастыру Уставы, оқытудың функциялары, әдістері, педагогикалық құралдары, формалары қамтитынын негіздейді. Сондай-ақ, оның құқықтық негіздерін «оқу орны-өндіріс-үйлестіруші ұйымдардың» өзара әрекеттестік, субъект-субъектілік қарым-қатынастарына, өзара нақты

келісілген, бекітілген шешімдеріне, қабылданған қаулылар енетіндігін айқындауды(3-бөлім, §1;3-бөлім, §2).

Ал бұл болса, автордың тақырыбын жетік біліп қана қоймай, зерттеу әдістәсілдерінде де өзіндік қолтаңбасының бар екендігін танытады. Мұның осы бағытын ерекше қолдауға болады. Өйткені, бұл педагогикалық проблеманы зерттеуге тың көзқарас береді.

Бесінши ғылыми нәтижесінің жаңалығы ізденушінің басты жаңалықтарының бірі саналады. Олайдейтініміз А. Сманов болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау үдерісіне дуальді оқыту элементтерін пайдалану қажеттілігін анықтау мақсатында Германия мен Қазақстандағы жұмыс берушілерден және бітірушілерден сауалнамалар мен сұхбаттар алған. Олардың нәтижелерінің статистикалық-математикалық өңдеу әдісімен пайыздық көрсеткіштерін анықтаған. Сондай-ақ Германияның болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау жүйесіндегі дуальділік модельдерін анықтауы еңбектің теориялық мәнділігін күшайтеді. Нәтижесінде ізденушінің жасаған Қазақстанның жоғары педагогикалық білім беру үдерісіне дуальді оқыту элементтерін пайдалануға арналған теориялық-әдіснамалық, ұйымдастыруышылық-құқықтық, практикалық-бағдарлық мазмұндағы ғылыми-әдістемелік ұсыныстары жаңа болып саналады (3-бөлім, §1). Осы ұсыныстар педагогикалық жоғары оқуорындарының оку-тәрбие үдерісіне ендірілген жағдайда, болашақ мұғалімдердің практикалық-бағдарланған даярлығының тиімділігі артатындығы сөзсіз.

4.Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы

Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері мен жасаған қорытындылары мазмұнды құрылған ішкі біртұастығымен ерекшеленеді. Зерттеу жұмысының құндылығы оның мақсаттық ұстанымымен, диссертация құрылымының нақтылығымен, ондағы 3 тараудан, 9 параграфтан тұратын әрбір бөлімдердің зара идеялық, логикалық байланыстылығымен автордың теория мен практикаға енгізген ғылыми жаңалықтарымен сипатталады. Диссертацияны Қазақстандық педагогика ғылымы үшін маңызы бар еңбек деп айтуымызға болады. Өйткені мұнда педагогика ғылымы тұрғысынан бүгінгі күндеңі көкейкесті проблема алғаш рет тарихи-салыстырмалық, теориялық-әдіснамалық тұрғыда шешімін тауып отыр. Сондықтан оның нәтижелерін оку-тәрбие ісінің теориясы мен практикасында пайдалануға болады.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама

Диссертацияның негізгі қағидалары, нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы автордың қазақстандық және шетелдік мерзімді ғылыми басылымдарда, нәлдік емес импакт факторлы журналдарда және халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдары жинағында басылым көрген. Ізденушінің зерттеу тақырыбы бойынша барлығы 14 ғылыми еңбегі жарияланған.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер

Диссертациялық зерттеу жұмысы бойынша мынадай ұсыныстар айтуға болады:

1) диссертацияның мазмұнында ізденушінің Ы.Алтынсариннің қолөнер мектебінде дуальді оқыту элементтері орын алғандығы туралы дәлелді келтірілген ой-пікірлерін аса құптаймыз. Эйтсе де осы мектептің оқыту мазмұнын жан-жақты талдай түскенде еңбектің құндылығы артпаса, кеміметтің еді;

2) диссертацияда ішінара стильдік, орфографиялық қателер кездеседі.

7. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі

Осы айтылған кемшіліктер диссертациялық жұмыс нәтижелерінің теориялық және практикалық құндылығына нұқсан келтірмейді. Бұл жұмыс педагогика ғылымы саласындағы зерттеулерге қойылған қазіргі заман талаптарын қанағаттандырады деп санаймын. Өйткені еңбекте ғылыми-теориялық және практикалық түрғыда үлкен маңызға ие бүгінгі күннің өзекті проблемасы жан-жақты шешілген. Сманова Алua Арыстановнаның «Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дамуы (Германия және Қазақстан тәжірибесі)» атты диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің талаптарына сәйкес орындалған. Оның авторы Сманова Алua Арыстановна 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық, деп есептеймін.

Рецензент:

**Абылай хан атындағы Қазақ
халықаралық қатынастар және
әлем тілдері университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы**



Жайтапова А.А.